<p>1-тапсырма. «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан-жақты әрі нақты көмек қажет болады. 2-тапсырма. «Қорытынды» тәсілі Барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендігіне көз жеткізу керек. 3-тапсырма. «Қарқын» тәсілі Кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді, негізгі тапсырмаларды түсіндіруде көмек қажет ететін оқушыларға уақыт беріледі.</p>	<p>«Бас бармақ» әдісі бойынша топтар бір бірін бармақ көрсету арқылы бағалайды. «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы жұптар бір-бірінің жұмысын бағалайды. «Жетістік баспалдағы» әдісімен оқушылар берілген тапсырма бойынша қандай білім баспалдағында тұрғанын анықтайды.</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау. Сабақта белсенді оқыту әдіс-тәсілдері қолданылатындықтан оқушылар сыныпта еркін қозғалады.</p>

Қысқа мерзімді жоспар

Мектеп:		
Сабақтың тақырыбы: Құрамында квадрат түбірлері бар өрнектерді тепе - тең түрлендіру		
Күні	Мұғалімнің есімі:	
Сынып:8	Қатысқандар саны	Қатыспағандар саны
Сабаққа негізделген оқу мақсаты	8.1.2.4 бөлшек бөлімін иррационалдықтан арылту	
Сабақ мақсаттары:	<p>Барлық оқушылар: бөлшек бөлімін иррационалдықтан арылтады. Оқушылардың басым бөлігі: бөлшек бөлімін иррационалдықтан арылтып, қысқартады. Кейбір оқушылар: бөлшек бөлімін иррационалдықтан арылтып, талдайды.</p>	

Бағалау критерийлері: (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)	<ul style="list-style-type: none"> – бөлшек бөлімін түйіндесіне көбейтуді біледі; – бөлшек бөлімін иррационалдықтан арылтады. 																
Тілдік мақсаттар	<p>Оқытудың тілдік мақсаты: бөлшек бөлімін иррационалдықтан арылтуды білу.</p> <p>Пәнге қатысты лексика мен терминология: «Квадрат түбір», «Квадрат түбір астындағы сан», «Иррационалдықтан арылту», «Түйіндес», «Қысқаша көбейту формулалары»</p> <p>Диалог үшін сөз тіркестері: өрнектің түйіндесі бұл..., бөлшек бөліміндегі иррационалдықтан арылу үшін...</p>																
Құндылықтарды дарыту	“Мәңгілік ел” жалпы ұлттық идеясы. Зайырлы қоғам және жоғары руханият құндылығын дарыту.																
Пәнаралық байланыстар	Сызбаларды көркем еңбек, сызу сабақтарымен және қоршаған ортамен байланыстыру.																
Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім	Квадрат түбір, квадрат түбірдің қасиеттері, көбейткішті түбір таңбасының алдына шығару, көбейткішті түбір таңбасының астына енгізу, қысқаша көбейту формулалары.																
Жоспар																	
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар															
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі: оқушы зейінін шоғырландыру.</p> <p>Ширату жаттығуы. «Иә», «жоқ» әдісі: ұсынылып отырған жаттығу арқылы оқушылар жиналып қалған жағымсыз эмоцияларынан арылып, жағымды қарым-қатынас құруға ынталанады. Жаттығу соңында сынып оқушыларының жұмыс істеуге деген қабілеті байқалады.</p> <table border="1" data-bbox="357 1267 852 1742"> <thead> <tr> <th>Бөлшек иррационал бола ма</th> <th>иә</th> <th>жоқ</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>$\frac{\sqrt{7}+2}{11}$</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>$\frac{11}{\sqrt{17}-1}$</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>$\frac{\sqrt{2}+5}{3}$</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>$\frac{2}{\sqrt{3}-5}$</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>Ширату жаттығулары арқылы оқу мақсатын анықтайды.</p>	Бөлшек иррационал бола ма	иә	жоқ	$\frac{\sqrt{7}+2}{11}$			$\frac{11}{\sqrt{17}-1}$			$\frac{\sqrt{2}+5}{3}$			$\frac{2}{\sqrt{3}-5}$			«Иә, жоқ» слайды
Бөлшек иррационал бола ма	иә	жоқ															
$\frac{\sqrt{7}+2}{11}$																	
$\frac{11}{\sqrt{17}-1}$																	
$\frac{\sqrt{2}+5}{3}$																	
$\frac{2}{\sqrt{3}-5}$																	
Сабақтың ортасы	<p>«Bilimland» білім беру порталында ақпараттық ресурс арқылы тақырыпты ашатын видеоролик көрсетіледі.</p> <p>(Ұ) «Түртіп алу» әдісі арқылы оқушылар тақырыптың маңызды тұстарын белгілеп алады.</p> <p>(Ө) 1 тапсырма. «Сәйкестендіру» белсенді әдіс тәсілі. Оқушылардың алған білімін қолдану, нақтылау және оқушылар белсенділігін арттыру мақсатында қолданылады.</p>	https://bilimland.kz/kk/courses/math-kz/algebra/irrational															

$\frac{2}{\sqrt{3}-1}$	$\sqrt{3}-1$
$\frac{2}{\sqrt{3}+1}$	$\sqrt{3}+1$
$\frac{2}{\sqrt{5}-1}$	$2+\sqrt{6}$
$\frac{4}{\sqrt{7}-1}$	$\sqrt{5}+1$
$\frac{2}{\sqrt{6}-2}$	$\sqrt{7}+1$

Таратпа
материал

Оқулық
Алгебра
8 сынып,
Әбілқасы
мова А.Е.

Дескриптор:

- оқушылар өрнектің түйіндесін анықтайды;
- өрнектің түйіндестерін сәйкестендіреді;
- иррационал саны бар бөлшектің мәнін табады.

ҚБ: «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы оқушылар өз-өзін бағалайды.

Кері байланыс. Түйіндес дегенді қалай түсінесің?

(Ж) 2-тапсырма. «Түйінді сәттер» белсенді әдісі жазбаша тапсырмаларды орындауда оқушылар оқып жатқан тапсырмаларының түйінді сәттерді түсінуге және дамытуға әкеледі.

Тапсырмалар	Түйіндесі	Жауабы
$\frac{5-a}{1+\sqrt{5}}$		
$\frac{7a+\sqrt{a}}{2-\sqrt{a}}$		
$\frac{1,5c}{\sqrt{3}+c}$		

«Суреттер
сөйлейді»
слайды

Дескриптор:

- оқушылар өрнектің түйіндесін анықтайды;
- түйінді бойынша есепті шығарады;
- иррационалдықтан құтылады;
- кестені толтырады.

ҚБ: «Көңіл күй букеті» әдісі. Бұл әдіс оқушылардың материалды меңгергенін не толық түсінбегенін анықтап, ойын еркін білдіруге негізделген.

Кері байланыс. Қысқаша көбейту формуласын қалай қолландың?

(Т) 3 тапсырма. “Суреттер сөйлейді” әдісі. Берілген сурет бойынша ортада жалпы пікір алысады, оларды түсіндіреді.

Киіз үйдің табанының ауданы $12\frac{1}{2}\pi R^2$ екені белгілі. Киіз үй басқұрының ұзындығы қанша метр болғанын табыңыздар.



- 1) Суретте қандай пішінді көріп отырсыздар?
 2) Сурет бойынша шеңбер ұзындығын табыңыздар.

Дескриптор:

- шеңберді анықтайды;
- шеңбер ауданының формуласын түрлендіреді;
- шеңбер ұзындығын табады.

ҚБ: «Жетістік баспалдағы» әдісімен оқушылар берілген тапсырма бойынша қандай білім баспалдығында тұрғанын анықтайды.

Кері байланыс. 1) Шеңбердің аудан формуласынан радиустың формуласын қалай қорыттың?

2) Шеңбердің ұзындығының формуласын жазып көрсетіңдер.

Сабақтың соңы

Қорытынды : «Қосу, алу, қызықты» әдісі. Бұл әдіс оқушылардың өздерінің қазіргі білім деңгейін, оларда қандай олқылықтар бар екенін анықтауға; өз оқуының табысты болуын қамтамасыз ету мақсатында жоспарлауға және зерттеуден кейін қандай жаңа ақпарат зерделенгенін талдауға арналған стратегия ретінде пайдаланылады.

Қосу	Мен үшін құнды болған мәлімет...
Алу	Сәтсіз болған нәрсе...
Қызықты	Мен үшін қызықты...

Рефлексия: «Бас бармақ» әдісі арқылы сабақтан алған әсерлерін білемін.

Қосымша ақпарат

Саралау - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?

Бағалау - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?

Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау

1-тапсырма. "Нәтиже"
тәсілі:
 тапсырма біреу, алайда оқушылардан жеке нәтиже күтіледі.

«Екі жұлдыз, бір тілек»
 арқылы жұптар бір-бірінің жұмысын бағалайды.

Денсаулық және қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау. Сабақта белсенді оқыту әдіс-тәсілдері қолданылатындықтан оқушылар сыныпта еркін қозғалады.

2-тапсырма. "Қарқын"
тәсілі:
 кейбіреулері есепті тез орындайды да, баяу орындап отырған оқушыларға көмектеседі.

«Көңіл күй букеті» әдісі. Бұл әдіс оқушылардың материалды меңгергенін не толық түсінбегенін анықтап, ойын еркін білдіруге негізделген.

3-тапсырма. «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі:

«Жетістік баспалдағы»
 әдісімен оқушылар берілген тапсырма бойынша қандай білім баспалдағында

кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан-жақты әрі нақты көмек қажет болады.	тұрғанын анықтайды.	
--	---------------------	--

Қысқа мерзімді жоспар.

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:		Мектеп:
Күні:		Мұғалімнің аты-жөні:
Сынып: 8		Қатысқандар: Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы	Құрамында квадрат түбірі бар өрнектерді түрлендіру.	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.1.2.5 құрамында квадрат түбірі бар өрнектерді түрлендіруді орындау.	
Сабақтың мақсаты	1. Құрамында түбір таңбасы бар өрнектерді түрлендіруді орындау. 2. Бөлшектің бөлімін иррационалдықтан босатуды түсіндіру. 3. Өрнектерді түрлендірудің тиімді тәсілін айқындау.	
Бағалау критерийі	бөлшектің бөлімін иррационалдықтан арылта біледі; квадрат түбірі бар өрнектерді түрлендіреді.	
Тілдік мақсаттар	Оқытудың пәндік және тілдік мақсаты: Квадрат түбірлері бар өрнектерді сипаттайды. Пәнге тән лексика мен терминология: «Квадрат түбір», «Квадрат түбір астындағы сан», «Иррационалдықтан құтылу» Диалог пен жазу үшін қолданылатын тіркестер: Көбейткішті түбір таңбасының алдына шығару үшін..., көбейткішті түбір таңбасының астына еңгізу үшін..., бөлшектің бөлімін иррационалдықтан босату...	
Құндылықтарға баулу	«Мәңгілік ел» идеясындағы Қазақстанның Тәуелсіздігі және Астана құндылықтарын дарыту (Бейбітшілік пен келісім сарайының табанының ұзындығын табуда) тапсырмалар орындау барысында жүзеге асады.	
Пәнаралық байланыс	Тарих : тапсырма орындағанда ежелгі грек мифологиясындағы 9 әйел құдайдың бірі – би құдайының есімін табу; Геометрия: 3-тапсырманы орындағанда шаршының формуласын жазады.	
Алдыңғы білім	Арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттері, Қысқаша көбейту формулалары.	
Сабақ барысы		

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар						
Сабақтың басы	<p>I. Ұйымдастыруы бөлімі: Оқушылармен амандасып, оқушы назарын шоғырландыру.</p> <p>II. Ширату жаттығуы: «Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен сабақ тақырыбына байланысты оқушылардың қызығушылығын туғызу, білімдерін тексеріп, белсендіру.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Квадрат түбір белгісінің басқаша атауы қандай? 2. Саннан квадрат түбір алу үшін бұл сан қандай болуы керек? 3. Теріс санның квадраты қандай сан? 4. Арифметикалық квадрат түбір дегеніміз не? 5. Оң санның неше квадрат түбірі бар? 6. Арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін ата. 							
Сабақтың ортасы	<p>«Bilimland» білім беру порталында ақпараттық ресурс арқылы тақырыпты мазмұнын ашатын видеоролик көрсетіледі.</p> <p>(Ж) 1-тапсырма «Джигсо» әдісін алдым. Себебі: топта жұмыс істеуге арналған құрылым ұсынып, оқушыларда сөйлеу және тыңдау дағдылары қалыптасады.</p> <p>a) $\frac{15}{2\sqrt{3}} =$</p> <p>b) $\frac{4}{\sqrt{x}-2y} =$</p> <p>c) $\frac{1}{\sqrt{3}+\sqrt{5}+\sqrt{7}} =$</p> <p>Дескриптор: бөліміндегі иррационал өрнекті бөлшектің алымына да, бөліміне де көбейтеді; қажетті тепе-тең түрлендірулерді орындайды; өрнекті ықшамдайды.</p> <p>ҚБ: «Екі жұлдыз, бір тілек». Себебі: бұл әдіс өзгені бағалау арқылы өзінде жоқты табу немесе өзгенің жетістігі арқылы өз кемшілігін тауып оны түзетуге бағыттау мақсатында білімдерін жетілдіреді және ойлау, шешім қабылдау, өзін-өзі басқару дағдылары қалыптасады.</p> <p>Кері байланыс. Бөлімнің бөлімін иррационалдықтан қалай босатуға болады?</p> <p>(ӨЖТ) 2-тапсырма. «Күпия» әдісін алдым. Себебі: Бұл әдіс күпияны табу, шешім қабылдау немесе уақиғаның болжалды түсініктемелерін қарастыру үшін оқушылардың проблемаларды шешу және шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады. Амалдарды орындандар:</p> <p>2-тапсырма</p> <table border="1" data-bbox="363 1657 1031 1998"> <tbody> <tr> <td data-bbox="363 1657 443 1821">О</td> <td data-bbox="443 1657 1031 1821">$\frac{\sqrt{14}}{\sqrt{6} * \sqrt{21}}$</td> </tr> <tr> <td data-bbox="363 1821 443 1906">А</td> <td data-bbox="443 1821 1031 1906">$\frac{\sqrt{3} * \sqrt{15}}{9}$</td> </tr> <tr> <td data-bbox="363 1906 443 1998">Ф</td> <td data-bbox="443 1906 1031 1998">$\frac{\sqrt{5} * \sqrt{12}}{2\sqrt{20}}$</td> </tr> </tbody> </table>	О	$\frac{\sqrt{14}}{\sqrt{6} * \sqrt{21}}$	А	$\frac{\sqrt{3} * \sqrt{15}}{9}$	Ф	$\frac{\sqrt{5} * \sqrt{12}}{2\sqrt{20}}$	<p>https://bilimland.kz/kk/courses/math-kz/algebra/naqt-y-sandar/lesson/kvadrat-zhane-kub-tubirler</p> <p>Оқулық, Алгебра 8-сынып, Авторлары: Әбілқасымова А.Е, т.б 39-40 бет</p> <p>Үлестірме</p>
О	$\frac{\sqrt{14}}{\sqrt{6} * \sqrt{21}}$							
А	$\frac{\sqrt{3} * \sqrt{15}}{9}$							
Ф	$\frac{\sqrt{5} * \sqrt{12}}{2\sqrt{20}}$							

Т	$\frac{3\sqrt{6} * \sqrt{10}}{\sqrt{15}}$
Р	$\sqrt{2^6 * 5^4}$
И	$\frac{18}{\sqrt{3^4} * \sqrt{2^8}}$
Д	$\frac{6\sqrt{3} * 3\sqrt{6}}{\sqrt{3^6}}$
А	$\frac{\sqrt{2} + \sqrt{2} + \sqrt{2}}{\sqrt{2} * \sqrt{2} * \sqrt{2}}$

Табылған жауаптарды ескере отырып төмендегі кестені сәйкес әріптермен әріптермен толтырсаңыз, ежелгі грек мифологиясындағы 9 әйел құдайының бірі – би құдайының есімін оқи аласыз.

$\frac{3}{2}$	$\frac{\sqrt{3}}{2}$	$\frac{\sqrt{2}}{2}$	200	$\frac{1}{3}$	$2\sqrt{2}$	$\frac{1}{8}$	6	$\frac{\sqrt{5}}{3}$

Жауабы: Афродита сөзі шығады.

Дескриптор:

- көбейтіндінің квадрат түбірі қасиеттерін қолданады;
- бөліндінің квадрат түбірі қасиеттерін қолданады;
- дәреженің квадрат түбірі қасиеттерін қолданады;
- өрнектің мәнін табады;
- кестені толтырады.

ҚБ. «Бағдаршам» әдісі. Себебі: бұл әдіс қиындықтарды ерте анықтауға, оқушылардан өз жұмыстарының нәтижелері бойынша оқу мақсатына қаншалықты жеткендігін және өзінің білімдеріне қаншалықты сенімді екендігін көрсетуді сұрайды.

Кері байланыс. Квадрат түбірлердің қандай қасиеттерін білесіңдер?

Көбейткішті түбір таңбасының алдына қалай шығаруға болады?
Көбейткішті түбір таңбасының астына қалай еңгізуге болады?

(Т) 3-тапсырма. «Ыстық орындық» әдісін алып отырмын. Себебі оқушыларда басқалармен жұмыс істеу, ойлау, шешім қабылдау дағдылары қалыптасады.

Астанадағы Бейбітшілік пен келісім сарайының табаны шаршы тәріздес. Оның ауданы 3844 м². Осы ғимараттың табанының ұзындығы неге тең?

Дескриптор:

шаршының ауданының формуласын біледі;
квадрат түбірдің қасиетін қолданып шаршының қабырғасын табады;
есептің жауабын жазады.

ҚБ. «Өзара және өзін-өзі бағалау» тәсілі арқылы жұптардағы оқушылар бағалау критерийлеріне жеткендігін анықтап нені жақсарту керектігін біледі, бір-бірімен ой бөлісіп, жауаптарын салыстырып, бір-бірін бағалайды.

Кері байланыс. Квадрат түбірі бар өрнектерді қалай түрлендіруге болады?

Сабақтың соңы	<p>Оқушыларға интертақтада «Bilimland» білім беру порталында ақпараттық ресурс арқылы тақырыпты пысықтайтын ITEST бағдарламасынан тест тапсырмасын беремін.</p> <p>Рефлексия.</p> <p>«БББ» картасы арқылы кері байланыс жасап, сабақты қортындылаймын.</p> <p>«БББ» әдісі арқылы оқушылар рефлексия жасайды.</p> <table border="1" data-bbox="363 315 1321 394"> <tr> <td>Білемін</td> <td>Білгім келеді</td> <td>Білдім</td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	Білемін	Білгім келеді	Білдім						https://itest.kz/kz/matematika
Білемін	Білгім келеді	Білдім								
<p>Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</p>	<p>Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</p>								
<p>Саралау тәсілдер</p> <p>1-тапсырмада саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі арқылы оқушыларды ойланту үшін, бірқатар жауаптар алу үшін, қолдау көрсетіп, ынталандырамын.</p> <p>2-тапсырмада саралаудың «Қарқын» тәсілі арқылы жоспарладым. Себебі: кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді, ал кейбір оқушылардың тапсырманы орындауда, қаншалықты көмек қажет ететінін анықтаймын, көмек қажет ететін оқушыларға қосымша уақыт беремін.</p> <p>3-тапсырмада саралаудың «Қортынды» тәсілін қолдандым. Себебі барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да нәтижелері әртүрлі болатындықтан өздерінің әлсіз және мықты тұстарына қарай жауап береді.</p>	<p>Екі жұлдыз, бір тілек.</p> <p>Бағдаршам</p> <p>«Өзара және өзін-өзі бағалау»</p>									

Қысқа мерзімді жоспар

<p>Ұзақ мерзімді жоспар тарауы: Квадрат түбір және иррационал өрнек</p>	<p>Мектеп</p>	
<p>Күні:</p>	<p>Мұғалімнің аты-жөні:</p>	
<p>Сынып:8</p>	<p>Қатысқандар:</p>	<p>Қатыспағандар:</p>
<p>Сабақ тақырыбы: Құрамында квадрат түбірі бар өрнектерді түрлендіру.</p>		
<p>Осы сабақта қолжеткізілетін оқу мақсаттары</p>	<p>8.1.2.6 нақты сандарды салыстыру</p>	
<p>Сабақ мақсаттары</p>	<p>1. Нақты сандарды салыстыру. 2. Нақты сандарды салыстыруды айқындау. 3. Есептер шығару арқылы салыстыруды тұжырымдау</p>	
<p>Бағалау критерийлері</p>	<p>– нақты сандарды салыстырады; – берілген фигуралардың аудандарын салыстырады; – өрнектерді түрлендіріп, мәндерін салыстырады.</p>	

Тілдік мақсаттар	Оқытудың пәндік және тілдік мақсаты: - нақты сандардың анықтамасын түсіндіреді; - нақты сандарды салыстыру белгілерін қолданып есеп шығарады; Пәнге тән лексика мен терминология: «бүтін сан», «рационал сан», «натурал сан», «шексіз периодты ондық бөлшек»; Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: «барлық рационал және иррационал сандар...», «кез-келген шексіз периодты емес ондық бөлшек...».													
Құндылықтарға баулу	«Мәңгілік ел» идеясының құндылығы «Қазақстанның Тәуелсіздігі және Астана» құрмет құндылығын бірін-бірі тыңдау, түсіну, ой бөлісу арқылы жүзеге асады.													
Пәнаралық байланыстар	Геометрия пәні(геометриялық пішіндер).													
Алдыңғы білім	Жай бөлшек және ондық бөлшек, дәреже,рационал сандар.													
Сабақ барысы														
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар												
Сабақтың басы	I. Ұйымдастыру бөлімі: Оқушылармен амандасып, оқушы назарын шоғырландыру II. «Ширату жаттығу» арқылы өтілген сабақ тақырыбына байланысты оқушылардың қызығушылығын туғызу, мақсатын анықтау. Сандарды жиындарға сәйкестендіру <table border="1" data-bbox="389 1061 1182 1296" style="margin-left: 20px;"> <thead> <tr> <th>Сандар</th> <th>Жиындар</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1</td> <td>Q</td> </tr> <tr> <td>$\sqrt{3}$</td> <td>R</td> </tr> <tr> <td>π</td> <td>N</td> </tr> <tr> <td>-5</td> <td>Z</td> </tr> <tr> <td>-3,1</td> <td>I</td> </tr> </tbody> </table>	Сандар	Жиындар	1	Q	$\sqrt{3}$	R	π	N	-5	Z	-3,1	I	Мобильдік қосымша «Plikers»
Сандар	Жиындар													
1	Q													
$\sqrt{3}$	R													
π	N													
-5	Z													
-3,1	I													
Сабақтың ортасы	(Т) 1-тапсырма «Ойлан, тап» әдісі бойынша берілген тапсырманы «Bilimland.kz» білім порталы арқылы өздеріне қажетті білімді алып, топпен оқып, өз пікірлерін ортаға салады, бір-біріне түсіндіреді. I деңгей. Өрнектің мәнін тап, салыстыр: 1) $\sqrt{121 + 5\sqrt{2,25}} - 0,7\sqrt{400}$ және -5,4; 2) $\frac{5}{6}\sqrt{36} - 0,2\sqrt{625} \frac{7}{16}\sqrt{1\frac{15}{49}}$ және 0,5. II деңгей. Өрнектің мәнін тап, салыстыр: 1) $\sqrt{\frac{36 \cdot 121}{289}}$ және $3\frac{15}{17}$; 2) $\sqrt{3^6 \cdot 5^2}$ және 135 Дескриптор: <ul style="list-style-type: none"> – көбейтіндінің квадрат түбірі қасиеттерін қолданады; – бөліндінің квадрат түбірі қасиеттерін қолданады; – дәреженің квадрат түбірі қасиеттерін қолданады; – өрнектің мәнін есептейді; – мәндерін салыстырады. Тиімді сұрақтар: 1. Қандай сандар жиынын білесіңдер? 2. Рационал сандарға қандай сандар жатады?	«Bilimland.kz» сайты https://bilimland.kz/ru												

	<p>3. Иррационал сандарға қандай сандар жатады? 4. Нақты сандар дегеніміз не? ҚБ: «Бағдаршам» әдісімен бағалайды. (Ж)2- тапсырма «Көршіңмен талқыла» белсенді оқу әдісі арқылы оқушылардың тақырып бойынша керекті материалдан түйінді, басты ақпаратты іріктей білу дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі, жұппен, топпен есептің шығару жолдарын талдайды.</p>  <p>Сұрақ: Фигуралардың аудандарын салыстырындар. Дескриптор: - берілген фигуралардың қасиеттерін біледі; - аудандарын табады; - аудандарын салыстырады. ҚБ: «Бас бармақ », «Жуан-жінішке сұрақтар» арқылы кері байланыс әдістері пайдаланады. 3- тапсырма (Ж) «Эйлер -Венн диаграммасы» әдісі арқылы оқушылар есептің идеялар мен ойламен бөлісіп толтырады, талқылайды.</p> $\sqrt{63} \cdot \sqrt{28}; 48^0; 10^{-2}; \left(\frac{2}{3}\right)^{-1}; \sqrt[3]{\frac{27}{64}}; \sqrt[4]{10000}; \sqrt[5]{\frac{1}{32}}; \frac{7}{9} \cdot \frac{17}{10}.$ <p>Есептеп, нақты сандарды салыстырып, жиындарға топтастырындар.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> – есетерді шығарады; – арифметикалық түбірлердің дәрежесіне есепті шығарады; – жиындарын табады.  <p>ҚБ: «Егер 5 минутым болса...» әдісімен бағалайды. Әр оқушы өз ойларын сынып алдында қорғай біледі, белгіленген мақсатқа қол жеткізеді.</p>	<p>Фигуралар туралы ақпарат видеоролик арқылы беру</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=cGIVuaTGe1Q&t=285s</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=uXA_3N6oUF4&t=64s</p> <p>Слайд «Венн диаграммасы»</p> <p>стикерлер</p>
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>(М) Қорытынды: Тапсырмаларды «Бір сөйлеммен түйіндеу» Оқушылардың жалпы сабақ барысындағы қорытынды шолу. Рефлексия. «БББ» әдісі арқылы кестені толтырады. БББ тәсілін қолдану оқушылардың оқу жетістіктерін сыни бағалауда, өзінің танымдық ойы туралы дамуына және шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді.</p>	<p>БББ кестесі үлестірме</p>
<p>Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p>
<p>1- тапсырмада «Қарқын» саралау әдісін тапсырманы орындау барысында жүзеге асыруды жоспарлап отырмын, себебі кейбір оқушыларға аздап уақыт беріледі, ал кейбірулері жылдам орындайды. 2- тапсырмада - «Дереккөздер» саралау әдісі кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында</p>	<p>«Бағдаршам», «Бас бармақ», «Егер 5 минутым болса...» «БББ» әдістері.</p>	<p>Сабақта әрбір оқушының денсаулық және қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтап, жұмыс істеулеріне бағыт беріп отырамын.</p>

қолдау көрсету мақсатында пайдаландым. 3 -тапсырмада «Бағалау» саралау әдісі алған себебім, барлық оқушылар тапсырманы орындаған кезінде үнемі бағаланып отырады, осылайша оқушылардың қажеттіліктеріне да олардың нәтижелері үнемі түзетіліп отырады.		
--	--	--

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: Квадрат теңдеулер		Мектеп	
Күні:		Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып: 8		Қатысқандар:	Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы	Квадрат теңдеулер		
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.2.2.1 квадрат теңдеудің анықтамасын білу		
Сабақтың мақсаты	Барлығы: Квадрат теңдеудің анықтамасын біледі. Көпшілігі: Квадрат теңдеудің анықтамасы туралы ортақ тұжырымға келеді. Кейбірі: Квадрат теңдеу туралы өз ойын түсіндіреді.		
Бағалау критерийі	квадрат теңдеудің анықтамасын біледі, коэффициенттерін анықтайды; квадрат теңдеу құрастырады.		
Тілдік мақсаттар	Оқытудың пәндік және тілдік мақсаты: Квадрат теңдеудің формуласын жазады, анықтамасын тұжырымдайды. Тақырыпты топта талқылап, өзгенің пікірімен салыстырып, өзіне және өзгеге баға бере алады. Пәнге тән лексика мен терминология: «коэффициент», «бос мүше», «айнымалы» Диалог пен жазу үшін қолданылатын тіркестер: ...түріндегі теңдеу квадраттық теңдеу деп аталады, жазылым бойынша ұсыныстар: коэффициент дискриминант, түбір.		
Құндылықтарға баулу	«Мәңгілік ел» идеясы негізінде «Қазақстанның тәуелсіздігі мен Астана», қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім құндылығы арқылы азаматтың жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастыққа қол жеткізу, салауатты өмір салтын насихаттау. Дені сау бәсекелестік қалыптастыру.		
Пәнаралық байланыс	Информатика пәнімен «iTest», «Bilimland» ақпараттық білім беру порталы арқылы оқушылардың бойына ақпараттық коммуникациялық дағдыларын қалыптастыру.		
Алдыңғы білім	Теңдеу, Дәреже. Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу. Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеу.		

Сабақтың барысы

<p>Сабақтың басы</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі: «Әр ұлттың амандасуы» Мақсаты: Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Президентіміздің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында «Жаһандағы заманауи Қазақстандық мәдениет» жобасының 5-міндетінде Отандық мәдениет 6 тілде сөйлеуі тиіс- деп атап көрсеткенін негізге ала отырып, сабағымыз әр елдің амандасу салтымен басталады. Қазақтар – қол алысады; Италиялықтар – «күшактасады»; Бразилиялықтар – «бір-бірінің иығын қағады»; Македониялықтар – шынтақпен; Никарагуалықтар – иықпен амандасады; Австралиялықтар- шапалақпен амандасады. Түрлі түсті қағаздарды таңдау арқылы топтастыру, топқа бөлу. Мақсаты: Ұйымшылдыққа, ынтымақтаса, бірлесе отырып жұмыс жасау арқылы, нәтижеге қол жеткізу. Кері байланыс: «Бір қадам артқа» Мақсаты: Ой қозғау, сабақтың оқу мақсатын айқындау. Оқушылардың «жақын арадағы даму аймағын» сабақ соңында күтілетін нәтижелермен, бағалау критерийлерімен таныстыру. Ширату жаттығуы: «Өзінді тексер» әдісі арқылы оқушыларды ойлау қызметіне жылдам араластыру үшін және тақырыпты игеруге біртіндеп көшу мақсатында сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдістерінің бірі «Иә, жоқ» қолданылады. Осы әдіс арқылы оқушыларда жағдайды немесе фактілерді бағалау, ақпаратты талдау, өз ойлау дағдылары қалыптасады. «Activote» шебертестілеуші құрылғысы арқылы өз білімдерін тексеріп, нәтижесін көреді. Оқушылардың зейінін шоғырландырып, алдыңғы білімімен ұштастырып, бүгінгі оқу мақсатын анықтаймыз.</p> <table border="1" data-bbox="403 1196 1294 1581"> <thead> <tr> <th>Мына төмендегілердің қайсысы теңдеу</th> <th>Иә</th> <th>Жоқ</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>$8x^2+5x+10=0$</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>$6x+7=0$</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>$3x+5=0$</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>$8a^2-7=0$</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>$2x^3+x-1$</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>$x^2+x-4=0$</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>$2x-1=0$</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>x^2-3x^4+x-2</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>x^2+3x-4</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>Алдыңғы білімді тиянақтау мақсатында оқушылармен бірге анықтау: Теңдеу туралы өз ойын түсіндіреді.</p>	Мына төмендегілердің қайсысы теңдеу	Иә	Жоқ	$8x^2+5x+10=0$			$6x+7=0$			$3x+5=0$			$8a^2-7=0$			$2x^3+x-1$			$x^2+x-4=0$			$2x-1=0$			x^2-3x^4+x-2			x^2+3x-4			<p>Презентация</p> <p>Түрлі түсті қағаздар</p> <p>Activinspire бағдарлама сының «Activote» шебертестілеуші</p>
Мына төмендегілердің қайсысы теңдеу	Иә	Жоқ																														
$8x^2+5x+10=0$																																
$6x+7=0$																																
$3x+5=0$																																
$8a^2-7=0$																																
$2x^3+x-1$																																
$x^2+x-4=0$																																
$2x-1=0$																																
x^2-3x^4+x-2																																
x^2+3x-4																																
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Жаңа білімді игеру үшін Bilimland білім беру порталында бейне жазбасы көрсетіледі. «Ойлан-жұптас бөліс» әдісі бойынша бейне жазбасын көру арқылы жұппен өз ойын қорытып, топта талқылайды. Оқушылар алған мәліметтерін «Серпілген сауал» тәсілі бойынша тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында бір-біріне сұрақтарды лақтырады. (Ж)1-тапсырма: «Венн диаграммасы» әдісі. Коэффициенттерін анықтау мақсатында берілген теңдеудің ұқсастығын, осы диаграммаға салып, толтырады.</p>	<p>https://bilimland.kz/kk/</p> <p>«Венн диаграмма»</p>																														

Қалыптасатын дағды: ақпаратты басқарады, ойлау, шешім қабылдау, креативтілік.

$$8x^2 - 23x + 15 = 0$$

$$2x^2 - 5x + 8 = 0$$

$$-6x^2 - 3x + 5 = 0$$


$$-2x^2 - 3x^2 + 8x = 0$$

$$-3x - 6,8 = 0$$

$$\frac{x}{x-5} - 1 = 0$$

$$-1,5x^2 + 6 = 0$$

Квадрат



Квадрат емес
теңдеу

Дескриптор:

оқушылар теңдеу түрлерін біледі;
теңдеулерді бір-бірінен ажыратады;
ортақ айырмасын табады.

ҚБ: «Мен саған, сен маған» әдісі арқылы жұпта тексеру.

«Неліктен» сұрақтар әдісі. Мұғалім мен оқушы арасында кері байланыс орнайды.

(Ө,Ж) 2-тапсырма: «Түйінді сәттер» әдісі арқылы жазбаша тапсырмаларды орындауда оқушылар оқып жатқан тапсырманың түйінді сәттерін түсінуге және дамытуға әкеледі.

Қалыптасатын дағды: ақпаратты басқарады, бірлескен жұмыс, ойлау, проблеманы шешеді, шешім қабылдау, креативтілік.

$$a=5, b=2, c=17$$

$$a=-4, b=0,5, c=1$$

$$a=6, b=-1, c=2$$

$$4) 8x^2 + 5x + 10 = 0$$

$$5) 11x^2 - 3x - 1 = 0$$

$$6) -0,6x^2 + 13x - 20 = 0$$

Дескриптор:

Оқушылар коэффициенттер арқылы теңдеу құрастырады;
Теңдеу құрастырады;

квадрат теңдеу арқылы коэффициенттерді ажыратады;

ҚБ: «Бас бармақ» әдісі арқылы өздерін бағалайды

(Т) 3-тапсырма:

«Бірлесе үйрену» әдісі. Әрбір оқушы өз үлесін қосып, басқаларға өзінің білгенімен, идеяларымен, түсініктерімен алмасады. **Қалыптасатын дағды:** ақпаратты басқарады, бірлескен жұмыс, ойлау, проблеманы шешеді, шешім қабылдау, креативтілік.

Астана қаласындағы ауданы 1500 м^2 тіктөртбұрыш пішінді «Жерұйық» саябағын қоршау керек. Саябақтың ұзындығы енінен 20м-ге ұзын. Саябақтың енімен ұзындығын пайдалана отырып теңдеу құрастырып, коэффициенттерін анықта.

Дескриптор:

тік төртбұрышты ауданының формуласын біледі;

сы» слайды

<http://www.okulyk-edu.kz/show/list/ocenka-book/208>

Үлестірме тапсырмалары

	<p>өрнек құрастырады; квадрат тендеу жаза біледі; коэффициентті көрсетеді.</p> <p>ҚБ:«Бағдаршам»оқушылардың өздерінің қаншалықты түсінгенін көрсетудің жылдам тәсілі. Оқушыларға қызыл, сары және жасыл түсті карточкалар беріледі. Оқушылар: · толықтай түсінсе, сенімді болса ЖАСЫЛ ТҮСТІ; · түсінуге жақын болса, аздап білсе САРЫ ТҮСТІ; · түсінбесе, сенімді болмаса ҚЫЗЫЛ ТҮСТІ көрсетеді.</p>													
Сабақтың соңы	<p>Қорытынды (Ұ) Тест. itest ақпараттық ресурсынан 5 есептен тұратын тест алу арқылы балалардың білімдерін тексеру. Интерактивті тақта арқылы өз-өздерін бағалайды.</p> <p>«МТТ» рефлексиясы Мақсаты: тақырыптың ішіндегі негізгі идеяны тұжырымдау.</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Мен білетін мәлімет</th> <th>Тың ақпарат</th> <th>Тақырыптың маңыздылығы</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table> <p>Тақырыптың ішіндегі негізгі түйінді идеяны тұжырымдайды, өздері білетін мәліметтерді ой елегінен өткізіп, алдыңғы білімді тәжірибемен байланыстырады. Сол сияқты тың ақпаратты анықтау арқылы тақырыптың маңыздылығына тоқталады.</p>	Мен білетін мәлімет	Тың ақпарат	Тақырыптың маңыздылығы										<p>itest.kz Интерактивті тақта itest.kz</p>
Мен білетін мәлімет	Тың ақпарат	Тақырыптың маңыздылығы												
<p>Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</p>	<p>Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</p>												
<p>1-тапсырма: Диалог және қолдау көрсету – Сөзбен қолдау көрсету және ынталандыруда маңызды рөл атқарады.</p> <p>2-тапсырма: Диалог және қолдау көрсету- Мұғалім оқушыларды ойланту үшін және бірқатар жауаптар алу үшін алдын ала дайындалған сұрақтар қояды.</p> <p>3-тапсырма: Қорытынды тәсілі – барлық оқушыларға бағыттауға нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізу керек. Оқушылардың бірін-бірі</p>	<p>«Мен саған, сен маған» әдісі – жұпта тапсырманың қаншалықты орындағанын бағалау. «Бас бармақ» әдісі арқылы өздерін бағалайды «Бағдаршам»оқушылардың өздерінің қаншалықты түсінгенін көрсетудің жылдам тәсілі. Қойылған сұрақтарға дұрыс, дәлелді жауап беруін қадағалау.</p>	<p>Топтағы жұмыстарда оқушылардың тәртібі мен қауіпсіздігін сақтау. Сабақ барысында түзу және тік отыруларын қадағалау, әрбір оқушының қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауына мән беру.</p>												

оқытуына жағдай жасау арқылы көшбасшылық қабілеттерінің оянуына ықпал ету.		
--	--	--

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Квадрат теңдеулер	Мектеп	
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып: 8	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы	Теңдеулер және теңсіздіктер, олардың жүйелері және жиынтықтары	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.2.2.2 квадрат теңдеулердің түрлерін ажырату	
Сабақ мақсаттары	Барлығы: Квадрат теңдеулердің түрлерін ажыратады. Көпшілігі: Толымсыз квадрат теңдеудің түбірлерін анықтайды. Кейбірі: Квадрат теңдеудің түрлері туралы ортақ тұжырымға келеді.	
Бағалау критерийлері	– квадрат теңдеудің түрлерін ажыратады; – келтірілген, толымсыз квадрат теңдеулерді шешеді.	
Тілдік мақсаттар	Оқытудың пәндік және тілдік мақсаттары: оқушылар $ax^2+bx+c=0$, $ax^2+c=0$, $ax^2+bx=0$, $ax^2=0$ түріндегі теңдеулердің анықтамасын математикалық тілде айтуға жаттығады, дұрыс оқуды үйренеді. Пәнге тән лексика мен терминология: айнымалы, коэффициент, бос мүше, теңдеу, квадрат теңдеу, толымсыз квадрат теңдеу, теңдеуді шешу, теңдеудің түбірі, бос жиын, мәндел теңдеу Диалогтер мен жазу үшін қолданылатын тіркестер: квадрат теңдеудің түрлері: ...; $ax^2+bx+c=0$, $a \neq 0$ түріндегі теңдеу деп аталады; $b=0$, $ax^2+c=0$ теңдеуінің шешімі ...; $c=0$, $ax^2+bx=0$ теңдеуінің шешімі ...; $b=0$, $c=0$, $ax^2=0$ теңдеуінің шешімі	
Құндылықтарды дарыту	«Мәңгілік Ел» идеясының «Қазақстанның тәуелсіздігі мен Астана» тұғыры бойынша оқушылардың бойына патриоттық, адамгершілік өзара сыйластық қарым-қатынастарды дамыту.	
Пәнаралық байланыстар	Информатика: BilimLand, itest, activote Физика: жылдамдық, жол, уақыт	
Алдыңғы білім	Теңдеу. Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу. Квадрат теңдеу	

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Сабақта психологиялық ахуал туғызу. «Ыстық лебіз» бойынша бір –біріне қошемет сөздер айтылады. Сыныпты теңдеудің коэффициенттері жазылған карточка арқылы топқа бөлу. Ширату жаттығулары: «Иә, жоқ» әдісі. Оқушыларды ойлау	Activinspire бағдарламасының

	<p>қызметіне жылдам араластыру үшін және тақырыпты игеруге біртіндеп көшу мақсатында сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдістерінің бірі «Иә, жоқ» әдісі қолданылады. Осы әдіс арқылы оқушыларда жағдайды немесе фактілерді бағалау, ақпаратты талдау, өз ойлау дағдылары қалыптасады. «Activote» шебертестілеуші құрылғысы арқылы өз білімдерін тексеріп, нәтижесін көреді.</p> <table border="1" data-bbox="395 280 1343 1120"> <thead> <tr> <th></th> <th>Иә</th> <th>Жоқ</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>$ax^2+vx+c=0$, x-айнымалы, a, v, c- кез келген сандар және $a \neq 0$ түріндегі теңдеу квадрат теңдеу деп аталады</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Егер $ax^2+vx+c=0$, $a \neq 0$ квадрат теңдеуінде: Егер $ax^2+vx+c=0$, $a \neq 0$ квадрат теңдеуінде: $v=0$, онда ол толымсыз квадрат теңдеу болады.</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Егер $ax^2+vx+c=0$, $a \neq 0$ квадрат теңдеуінде: $c=0$, онда ол толымсыз квадрат теңдеу болады.</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Егер $ax^2+vx+c=0$, $a \neq 0$ квадрат теңдеуінде: $v=0$, $c=0$, онда ол толымсыз квадрат теңдеу болады.</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Егер $ax^2+vx+c=0$, $a \neq 0$ квадрат теңдеуінде: $a=1$, онда ол келтірілген квадрат теңдеу болады.</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Егер $ax^2+vx+c=0$, $a \neq 0$ квадрат теңдеуінде: $ax^2+vx=0$, $a \neq 0$ теңдеуінің әр түрлі 2 түбірі болады.</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Егер $ax^2+vx+c=0$, $a \neq 0$ квадрат теңдеуінде: $ax^2+c=0$, $a \neq 0$ теңдеуінің әр түрлі 2 түбірі болады</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>Оқу мақсатын оқушылармен бірге анықтау: Квадрат теңдеулердің түрлерін ажыратады</p>		Иә	Жоқ	$ax^2+vx+c=0$, x -айнымалы, a, v, c - кез келген сандар және $a \neq 0$ түріндегі теңдеу квадрат теңдеу деп аталады			Егер $ax^2+vx+c=0$, $a \neq 0$ квадрат теңдеуінде: Егер $ax^2+vx+c=0$, $a \neq 0$ квадрат теңдеуінде: $v=0$, онда ол толымсыз квадрат теңдеу болады.			Егер $ax^2+vx+c=0$, $a \neq 0$ квадрат теңдеуінде: $c=0$, онда ол толымсыз квадрат теңдеу болады.			Егер $ax^2+vx+c=0$, $a \neq 0$ квадрат теңдеуінде: $v=0$, $c=0$, онда ол толымсыз квадрат теңдеу болады.			Егер $ax^2+vx+c=0$, $a \neq 0$ квадрат теңдеуінде: $a=1$, онда ол келтірілген квадрат теңдеу болады.			Егер $ax^2+vx+c=0$, $a \neq 0$ квадрат теңдеуінде: $ax^2+vx=0$, $a \neq 0$ теңдеуінің әр түрлі 2 түбірі болады.			Егер $ax^2+vx+c=0$, $a \neq 0$ квадрат теңдеуінде: $ax^2+c=0$, $a \neq 0$ теңдеуінің әр түрлі 2 түбірі болады			<p>«Activote» шебертестілеуші</p>
	Иә	Жоқ																								
$ax^2+vx+c=0$, x -айнымалы, a, v, c - кез келген сандар және $a \neq 0$ түріндегі теңдеу квадрат теңдеу деп аталады																										
Егер $ax^2+vx+c=0$, $a \neq 0$ квадрат теңдеуінде: Егер $ax^2+vx+c=0$, $a \neq 0$ квадрат теңдеуінде: $v=0$, онда ол толымсыз квадрат теңдеу болады.																										
Егер $ax^2+vx+c=0$, $a \neq 0$ квадрат теңдеуінде: $c=0$, онда ол толымсыз квадрат теңдеу болады.																										
Егер $ax^2+vx+c=0$, $a \neq 0$ квадрат теңдеуінде: $v=0$, $c=0$, онда ол толымсыз квадрат теңдеу болады.																										
Егер $ax^2+vx+c=0$, $a \neq 0$ квадрат теңдеуінде: $a=1$, онда ол келтірілген квадрат теңдеу болады.																										
Егер $ax^2+vx+c=0$, $a \neq 0$ квадрат теңдеуінде: $ax^2+vx=0$, $a \neq 0$ теңдеуінің әр түрлі 2 түбірі болады.																										
Егер $ax^2+vx+c=0$, $a \neq 0$ квадрат теңдеуінде: $ax^2+c=0$, $a \neq 0$ теңдеуінің әр түрлі 2 түбірі болады																										
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Bilimland ақпараттық ресурс арқылы тақырыпты, оқу мақсатын ашатын бейнебаян көрсетіледі. Оқушылар «Түртіп алу» стратегиясы бойынша өзіне қажетті мәліметті, ақпаратты жазып алады. Осы әдіс арқылы оқушылар алған білімдерін түсіндіреді.</p> <p>(Ө) 1-тапсырма. «Сәйкестендіру» әдісі қолданылады. Алған білімдерін нақтылау. Бұл әдіс квадрат теңдеудің түрлерін ажыратуға тиімді әдіс.</p> <p>Қалыптасатын дағды: ақпаратты басқарады, ойлау, шешім қабылдау, креативтілік.</p> <table data-bbox="395 1556 1343 1780"> <tr> <td>$3x^2+4x+8=0$</td> <td></td> </tr> <tr> <td>$3x^2=0$</td> <td>толымсыз квадрат теңдеу</td> </tr> <tr> <td>$-16x^2+8x=0$</td> <td>квадрат теңдеу</td> </tr> <tr> <td>$5x^2+2,5=0$</td> <td>келтірілген квадрат теңдеу</td> </tr> <tr> <td>$-5x^2-x=0$</td> <td></td> </tr> <tr> <td>$x^2+2x+3=0$</td> <td></td> </tr> </table> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> – квадрат теңдеудің түрлерін біледі, ажыратады; – дұрыс жауабын сәйкестендіреді. <p>ҚБ: «Бас бармақ» әдісі арқылы өздерін бағалайды.</p> <p>«Неліктен» сұрақтар әдісі. Мұғалім мен оқушы арасында кері байланыс орнайды.</p> <p>(Ө, Т) 2 –тапсырма. «Ирек» әдісі оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруда тиімді болмақ. Өзара оқыту ұйымдастырылады.</p>	$3x^2+4x+8=0$		$3x^2=0$	толымсыз квадрат теңдеу	$-16x^2+8x=0$	квадрат теңдеу	$5x^2+2,5=0$	келтірілген квадрат теңдеу	$-5x^2-x=0$		$x^2+2x+3=0$		<p>https://bilimland.kz/kk/</p> <p>Таратпа материал</p>												
$3x^2+4x+8=0$																										
$3x^2=0$	толымсыз квадрат теңдеу																									
$-16x^2+8x=0$	квадрат теңдеу																									
$5x^2+2,5=0$	келтірілген квадрат теңдеу																									
$-5x^2-x=0$																										
$x^2+2x+3=0$																										

	<p>Оқушылардың белсенділігін арттырады, топта қарым-қатынасын нығайтады, математика тілінде сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Әр оқушы ақпарат беруші және алушы ролін атқарады.</p> <p>Қалыптасатын дағды: ақпаратты басқарады, бірлескен жұмыс, ойлау, проблеманы шешеді, шешім қабылдау, креативтілік.</p> <p>1) $25x^2=0$ 2) $x^2-49=0$ 3) $4x^2=64$ 4) $x^2+5x=0$</p> <p>Үлгі бойынша квадрат теңдеуді шеш:</p> <p>а) $x^2-2x+1=0$ ә) $x^2+12x+36=0$ б) $4x^2+12x+9=0$ в) $25x^2-60x+36=0$</p> <p>Үлгі: $x^2+6x+9=0$</p> <p>Ш: $(x+3)^2=0$</p> <p>$x+3=0$</p> <p>$x=-3$ Жауабы: (-3)</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - толымсыз квадрат теңдеуді шешу алгоритмін біледі. - толымсыз квадрат теңдеуді шешеді; - үлгі бойынша келтірілген квадрат теңдеуді шешеді. - квадрат теңдеулердің түбірін табады. <p>ҚБ: «Жұлдызша» әдісі бойынша бағаланады. Дұрыс жауап – үлкен жұлдызша, маңызды емес қатесі бар – орташа жұлдызша, қатесі бар – кішкене жұлдызша.</p> <p>(Т) 3-тапсырма. БФЕ (Барлық факторларды ескеру) әдісі.</p> <p>Идеяны ойлауға, шешім қабылдауға шақырады.</p> <p>Қалыптасатын дағды: ақпаратты басқарады, бірлескен жұмыс, ойлау, проблеманы шешеді, шешім қабылдау, креативтілік.</p> <p>Астана қаласындағы Керей-Жәнібек хандар көшесі мен Тұран көшесі өзара тік бұрыш жасап қиылысады. Жолдардың қиылысу нүктесінен жылдамдықтары 80 км/сағ және 60 км/сағ болатын автокөліктер әртүрлі жолдарға түсіп, бір мезгілде жүріп кетті. Қанша уақыт өткен соң олардың арақашықтығы 100 км болады?</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - айнымалыны табады; - құрылған теңдеуді квадрат теңдеуге келтіреді; - түрлендірулерді дұрыс орындайды; - дұрыс жауапқа келеді. <p>ҚБ: «Бағдаршам» әдісі арқылы топтар бір-бірін бағалайды.</p> <p>Кері байланыс: «Жуан сұрақтар»</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сіздер қалай ойлайсыздар, келтірілген квадрат теңдеулерді шешу жолдарын іздестіруге бола ма? 2. Мәтін есеп арқылы теңдеу қалай құрамыз? 3. Мәтін есептерде теңдеудің түбірлерінің қандай ерекшелігіне назар аударамыз? 	<p>«Жұлдызша» үлгідегі таратпалар, үлестірме тапсырмалары</p>
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Қорытынды</p> <p>(Ұ) Тест. itest ақпараттық ресурсынан 5 есептен тұратын тест алу арқылы балалардың білімдерін тексеру. Интерактивті тақта арқылы өз-өздерін бағалайды.</p> <p>Рефлексия: «Жетістік баспалдағы» әдісі арқылы кері байланыс жасалады.</p> <div style="display: flex; align-items: center; justify-content: center;"> <div style="text-align: center;"> <p>Жаксы түсіндім</p> <p>Түсіндім</p> <p>• Сұрағым бар</p> <p>Мүлдем түсінбедім</p> </div> <div style="margin-left: 20px;"> </div> </div> <p>«Activote» шебертестілеуші құрылғысы арқылы бүгінгі өтілген сабақ</p>	<p>Интерактивті тақта itest, «Activote» шебертестілеуші</p>

	бойынша әр оқушының оқу мақсатына жетуі анықталады. Кері байланыс Үйге тапсырма: Бүгінгі сабақта өтілген тақырыбымызды нақтылау мақсатында келесі тапсырма беріледі. №	
--	---	--

Саралау-оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз?	Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы
Сабак мақсаттары	<p>Барлық оқушылар: біреуі сызықтық, екіншісі квадрат теңсіздік болатын екі теңсіздіктен құралған жүйелерді шешеді;</p> <p>Оқушылардың басым бөлігі: жүйенің әрбір теңсіздігін шешіп, интервалдар әдісі немесе графикалық тәсіл арқылы табылған шешімдердің қиылысуын табады;</p> <p>Кейбір оқушылар: аралықтар кескіні бойынша теңсіздіктер жүйесін құрады.</p>	
Бағалау критерийлері (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)	<p>-жүйенің құрамындағы әрбір теңсіздікті шешеді.</p> <p>-интервалдар әдісін қолданады.</p> <p>-шешімдердің қиылысуын табады.</p>	
Тілдік мақсаттары	Оқытудың тілдік мақсаты: сызықтық және квадраттық бір айнымалысы бар теңсіздіктер жүйесін шешу жолын айтады.	
	Пәнге қатысты лексика және терминология: «теңсіздікті шешу», «мәндес теңсіздіктер», «квадрат үшмүше», «сан аралығы», «тура теңсіздік».	

	Диалогқа / жазылмаған қажетті тіркестер: теңсіздіктерді шешу дегеніміз..., теңсіздіктің екі бөлігін де бірдей санды, не өрнекті қоссақ (азайтсақ), онда ..., егер теңсіздіктің екі бөлігін де оң санға көбейтсек, не бөлсек онда...																
Құндылықтарды дарыту	Достық, адамгершілік қасиеттерін негізге ала отырып, оқушының оңтайлы білім алуы үшін ынтымақтасқан орта қалыптастыру																
Пәнаралық байланыстар	Информатика (ақпарат алу, ақпарат іздеу алгоритм құра білу, ақпаратпен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру)																
Алдыңғы білім	Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу (6 сынып) Квадрат теңсіздікті шешу тақырыбы бойынша алған білімдерін қолдану.																
Сабақ барысы																	
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар															
Сабақтың басы	<p>(Ұ) Ширату жаттығулары «Миға шабул» әдісі бойынша оқушылардың ойлау зейінін шоғырландыру сұрақтары</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Теңсіздікті шешу дегенді қалай түсінесіңдер? 2. Теңсіздіктің шешімі дегеніміз не? 3. Қандай теңсіздікті мәндес теңсіздік дегеніміз не? 4. Бір айнымалысы бар теңсіздіктер жүйесін қалай шешеді? 5. Қандай теңсіздік квадрат теңсіздік деп аталады? 6. Рационал теңсіздік дегеніміз не? 7. 225 қай санның квадраты? 8. Қарама-қарсы сандардың қосындысы неге тең? <p>Мақсаты: Өткен тақырыпты қайталау, оқушылардың математикалық тілде сауатты сөйлеу дағдысын жетілдіру.</p>	«Конверт» үлестірмесі															
Сабақтың ортасы	<p>Жаңа сабақты меңгерту. Bilimland.kz. Ақпараттық ресурс арқылы жаңа тақырыпты ашатын бейнеролик көріп, өз ойларын, идеяларын және есепті шығару жолдарын алады.</p> <p>(Т) 1-тапсырма «Ақиқат ... жалған» белсенді әдісі. Бұл әдіс сұрақтарға қатысты әртүрлі пікірлерді зерттеуге көмектеседі, оқушылардың қарастырылатын сұрақтар бойынша негізгі түсінігін бағалау үшін пайдаланады, оқушылардың сұраққа қатысты өз ұстанымын білдіруді талап етіледі. Сондай ақ оқушыларға өз пікірлерін талқыланатын сұрақ туралы білімдер мен негіздеу қажет екендігін түсінуге көмектеседі. Өткенді еске түсіреді, өз ойын жинақтайды, ақпаратты талдайды.</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Тұжырымдама</th> <th>Ақиқат</th> <th>Жалған</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Айнымалының теңсіздікті қанағаттандыратын мәндерін оның шешімдері деп атаймыз.</td> <td>+</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Квадрат теңсіздікті тек аралықтар тәсілімен шешеді</td> <td></td> <td>+</td> </tr> <tr> <td>Шешімдері бірдей болатын болатын теңсіздіктерді мәндес теңсіздіктер деп атайды.</td> <td>+</td> <td></td> </tr> <tr> <td>$2x+3 > 0$ теңсіздігі квадрат теңсіздік болады</td> <td></td> <td>+</td> </tr> </tbody> </table> <p>Дескриптор: -дұрыс тұжырымды анықтайды; -жауабын негіздейді.</p>	Тұжырымдама	Ақиқат	Жалған	Айнымалының теңсіздікті қанағаттандыратын мәндерін оның шешімдері деп атаймыз.	+		Квадрат теңсіздікті тек аралықтар тәсілімен шешеді		+	Шешімдері бірдей болатын болатын теңсіздіктерді мәндес теңсіздіктер деп атайды.	+		$2x+3 > 0$ теңсіздігі квадрат теңсіздік болады		+	<p>https://bilimland.kz/kk/courses/math-kz/algebra/te-ngdeuler-men-tengsizdikter</p> <p>«Ақиқат жалған» слайды</p>
Тұжырымдама	Ақиқат	Жалған															
Айнымалының теңсіздікті қанағаттандыратын мәндерін оның шешімдері деп атаймыз.	+																
Квадрат теңсіздікті тек аралықтар тәсілімен шешеді		+															
Шешімдері бірдей болатын болатын теңсіздіктерді мәндес теңсіздіктер деп атайды.	+																
$2x+3 > 0$ теңсіздігі квадрат теңсіздік болады		+															

ҚБ: «Бас бармақ» әдісі
Кері байланыс. Сызықтық теңсіздіктің квадрат теңсіздіктен айырмашылығы қандай?
(Т,Ж)2-тапсырма. «Ойлан – жұптас бөлігі» әдісі мұнда әрбір оқушы берілген тапсырма бойынша жеке жұмыс арқылы өз ойын қорытып ,жұп болып пікірімен бөліседі

$$\begin{cases} 5x - 4 \geq 2x + 2 \\ x^2 - x - 6 < 0 \end{cases}$$
Дескриптор:
-сызықтық теңсіздіктің шешімдер жиынын табады;
-квадрат үшмүшенің түбірлерін табады;
-квадрат үшмүше мәндерінің оң (теріс) болатын аралықтарын табады;
-квадрат теңсіздіктің шешімін табады;
-теңсіздіктердің шешімдерінің қиылысуын табады.

ҚБ: «Бағдаршам» әдісі.
Кері байланыс. Теңсіздік жүйесінің шешімі болатын аралықты қалай таптыңдар?
(Т)3-тапсырма. «Сәйкестендіру» белсенді әдіс тәсілі.
Оқушылардың алған білімін қолдану ,нақтылау және оқушылар белсенділігін арттыру мақсатында қолданылады.

$x^2 - x - 6 \geq 0$	$(-\infty; -2] \cup [3; +\infty)$
$\begin{cases} 6x - x^2 > 0 \\ 3 - 2x > x \end{cases}$	\emptyset
$\begin{cases} x^2 \geq 4 \\ x - 3 < 0 \end{cases}$	$(0;1)$
$\begin{cases} 3x - 2 \geq 4x + 1 \\ 5x > 2x + 3 \end{cases}$	$[2; 3)$

Дескриптор:
-теңсіздіктердің қасиеттерін қолданады;
-жүйедегі квадрат теңсіздіктерді шешеді;
-интервалдар әдісін қолданады;
-жүйе шешімін табады.

ҚБ: «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі өз өздерін бағалайды.
Кері байланыс: оқушылардың ойын жинақтауға көмектесетін бағыттаушы сұрақтар.

«Көршіңмен талда» слайды

«Сәйкестендіру» слайды

Сабактың соңы

Қорытынды: «Блоб ағашы» әдісі арқылы жүргізіледі. Оқушының тақырыпты қаншалықты меңгергендігін бағалауға арналған тәсіл. Өтілген тақырып бойынша оқушы қандай дәрежеде өз білімін көрсете алады, ағаштан өзін тауып бояп қояды.
Рефлексия: «Бағдаршам» әдісі арқылы жүргізіледі. Оқушылар сабақтан алған әсерлерін төмендегі түстер арқылы көрсетеді.
Жасыл түс – сабақтан жаңа идеяларды байқадым.
Сары түс- жаңа сабаққа көңілім толды.
Қызыл түс- бүгінгі сабақ сезіміме ерекше әсер етті.
Үйге тапсырма. 156бет

«Блоб ағашы» үлестірмесі

Қосымша ақпарат

Саралау - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз?

Бағалау - Оқушылардың үйренгенін, материалды

Денсаулық және қауіпсіздік техникасын

Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?	менгергенін тексеруді қалай жоспарлаймыз?	сақтау
<p>1-тапсырмада саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» әдісі қолданылды. Кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан- жақты, әрі нақты көмек қажет болады. Мұғалім ойланту үшін жетекші сұрақтар қояды, қолдау көрсету, ынталандыру маңызды рөл атқарады.</p> <p>2-тапсырма « Қарқын» саралау тәсілі бойынша жүргізіледі кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді. Қосымша тапсырмаларды көп күш жұмсауды талап ететін оқушылар үшін қолданылады.</p> <p>3-тапсырмада саралаудың « Нәтиже » әдісі қолданылды. Барлық оқушылар бір тапсырманы орындасада олардың нәтижелері әртүрлі болады.</p>	<p>ҚБ: «Бас бармақ»</p> <p>ҚБ: «Бағдаршам»</p> <p>ҚБ: « Екі жұлдыз, бір тілек»</p>	<p>Сабақ барысында оқушылардың қауіпсіздігі қадағаланады.</p>



<p>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Квадраттық функция</p>	<p>Мектеп: «</p>
<p>Күні:</p>	<p>Мұғалімнің аты-жөні:</p>

Сынып: 8	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы	Квадраттық функция және оның графигі	
Берілген сабақта қол жеткізетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.4.1.2 $y = a(x - m)^2$, $y = ax^2 + n$ және $y = a(x - m)^2 + n$, $a \neq 0$ түріндегі квадраттық функциялардың қасиеттерін біледі және графиктерін салады;	
Сабақтың мақсаттары	<p>Оқушылардың барлығы: $y = a(x - m)^2$, $y = ax^2 + n$ және $y = a(x - m)^2 + n$, $a \neq 0$ функцияларының қасиеттерін білетін болады.</p> <p>Басым бөлігі: $y = a(x - m)^2$, $y = ax^2 + n$ және $y = a(x - m)^2 + n$, $a \neq 0$ түріндегі квадраттық функциялардың қасиеттерін біледі және графиктерін салады</p> <p>Кеубіреулері: квадраттық функция графиктерін түрлендіріп салады</p>	
Бағалау критерийлері	<p>Оқушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> – $y = a(x - m)^2$ және $y = a(x - m)^2 + n$ функцияларының қасиеттерін анықтайды. – $y = a(x - m)^2$ функциясының графигін салады. – $y = a(x - m)^2 + n$ функциясының графигін салады. 	
Тілдік мақсаттар	<p>Оқушылар: функциялардың графиктерінің қасиеттерін айтады және салу алгоритмін сипаттайды;</p> <p>Пәнге қатысты лексика мен терминология: квадраттық функция, парабола/парабола төбесі/парабола тармақтары, симметрия өсі, параллель көшіру;</p> <p>Диалогқа/жазылымға қатысты қажетті тіркестер: парабола тармақтары ... бағытталған, график Ох осінен ... (жоғары, төмен) орналасқан; берілген функцияның графигін ... функциясының графигін екі параллель көшіру көмегімен алуға болады: x осі бойымен ... бірлікке ... (оңға, солға) жылжыту және y осі бойымен ... бірлікке ... (жоғары, төмен) жылжыту;</p>	
Құндылықтарды дарыту	<p>«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының 2-ші құндылығы «Қоғамымыздың ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім» негізінде жұптық/топтық жұмыс тапсырмаларын орындау арқылы ынтымақтастық, өзгеге құрмет көрсету. Есептердің шығару жолын талдау кезінде әр түрлі пікірлерді қабылдай алу. Өзіндік жұмыс жасауда, өзін-өзі және өзгені бағалауда шыншыл болу.</p> <p>Жоғарыда айтылған құндылықтар берілген сабақта жоспарланған жұмыстар бойынша іске асырылады.</p>	
Пән аралық байланыс	Оқушылардың сызу және салу дағдыларын дамыту мақсатында сызу пәнімен байланыстыру	
Бастапқы білім	Квадрат теңдеу түбірлерін табуды, квадрат үшмүшені көбейткіштерге жіктеуді біледі; $y = x^2$ функциясының графигін біледі.	

Қысқа мерзімді жоспар

Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Ресурстар

кезеңдері		
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастырушылық кезеңі. «БІСТЫҚ ЛЕБІЗ» әдісі арқылы оқушылар бір-біріне тілек айтып, сабақта жағымды психологиялық ахуал туғызады.</p> <p>Ширату жаттығуы «Бір қадам алға...» әдісі бойынша бірнеше сұрақтар қою арқылы оқушылардың зейінін шоғырландыру.</p> <ul style="list-style-type: none"> – функция деген не? – функцияның анықталу облысын қалай табамыз? – функцияның мәндер жиынын қалай түсінесің? – функцияның гафигін қалай саламыз? – $y = x^2$ функциясының қасиетін айт. <p>(ширату жаттығуы арқылы оқушылар алдыңғы біліммен жаңа тақырыпты ұштастырып, оқу мақсатын ашады)</p>	
Сабақтың ортасы	<p>«BILIM LAND» ақпараттық ресурсынан жаңа тақырыпты ашатын бейне роликті көре отырып, оқушылар $y = a(x - m)^2$, $y = ax^2 + n$ және $y = a(x - m)^2 + n$, $a \neq 0$ квадраттық функциялардың қасиеттерін біледі және графиктерін салу жолдарын түсінеді.</p> <p>(Ж) 1-тапсырма: «Бекіту және қолданысқа енгізу» әдісін пайдалана отырып, оқушыларды жаңадан меңгерген дағдыларын оқу барысында жұбымен бірлесе ойлануға және квадраттық функцияның гафигін талқылай отырып салуға ынталандыру мақсатымен оқушыларға тапсырманы ұсыну.</p> <p>1) $y = 2x^2$ функциясының гафигін қолдана отырып, келесі функциялардың графиктерін қалай салуға болады:</p> <p>2) а) $y = 2x^2 - 4$ б) $y = 2(x + 3)^2$</p> <p>в) $y = 2\left(x - \frac{5}{2}\right)^2 + 3$ с) $y = -2(x + 1)^2 - 3$</p> <p>-Бұл графиктерді қалай атайды? -Қандай нүктелер оның төбелері болып табылады? -Олардың симметрия остерінің теңдеулері қандай?</p> <p>Оқушылардан қиындық туғызған тапсырмалары және оны орындауда жасаған іс-әрекеттері сұралады.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Квадраттық функция гафигін біледі; - Квадраттық функцияның гафигін салады; - Квадраттық функция графиктерін түрлендіреді <p>ҚБ. «Бағдаршам» әдісі (оқушылардан жаттығуды орындау кезінде өз жұмыстарының нәтижелері бойынша оқу мақсатына жеткендігіне қаншалықты сенімді екендігін көрсетуді сұрау)</p> <p>«Жіктеу» тәсілі арқылы топқа бөлінеді.</p> <p>(Т) 2-тапсырма: «Бірлесе үйрену» әдісі. Әрбір оқушы өз үлесін қосып, басқаларға өздерінің білгенімен, түсініктерімен алмасады. Оқушылар топпен жұмыс жасайды.</p> <p>$y = 3(x^2 - 2) - 2$ функциясының гафигін салып, функция қасиеттерін зерттеп көр. (GeoGebra программасын қолдану)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Анықталу облысы 2. Мәндер облысы 3. Координата остерімен қиылысу нүктелері <p>Дескриптор:</p>	<p>https://bilimland.kz/kk білім беру порталы</p> <p>http://www.okulyk-edu.kz/show/list/ocenka-book/208</p> <p>Үлестірме материал «Квадраттық функцияның гафигін салу»</p> <p>GeoGebra</p>

	<ul style="list-style-type: none"> - Функцияның графигін салады; - Анықталу облысын табады; - Мәндер облысын анықтайды; - Координата остері мен қиылысу нүктелерін табады; <p>ҚБ. «Жұлдызшалар» әдісімен оқушылар бірін-бірі бағалайды. (Т) 3-тапсырма «Ойлан тап» әдісі арқылы топтарға тапсырма беріледі. Топ ішінде жұптасып орындайды, топ болып тексереді. Астанадағы «Москва» сауда-саттық орталығы ғимаратында парабола бейнесі барын көреміз. Әрбір қабат биіктігі 3,5 м деп алып, АВ және CD кесінділері ұзындығын бағалаңдар.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;">   </div> <p>ҚБ. «Қолпаштау» әдісі бойынша оқушылардың жауаптарын бір-біріне бағалату</p>	http://expert.atamura.kz/storage/media/2616/pages/page_125.jpg						
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Сабақты қорытындылау. «Блоб ағашы» әдісі арқылы жүргізіледі. Оқушы жаңа сабақты қаншалықты меңгергенін бағалауға арналған тәсіл. Өтілген тақырып бойынша, өз білімінің қандай дәрежеде екенін анықтап, ағаштан өз суретін тауып бояйды.</p> <p>Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізеді:</p> <p>БББ кестесін қолдану</p> <table border="1" data-bbox="375 1391 1173 1473"> <thead> <tr> <th>білемін</th> <th>білдім</th> <th>Білгім келеді</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table>	білемін	білдім	Білгім келеді				<p>«Блоб» ағашының суреті</p> <p>БББ кестесі</p>
білемін	білдім	Білгім келеді						

Саралау– Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?	Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?	Қауіпсіздік ережелері
<p>1-тапсырмада саралаудың «Қорытынды» тәсілі бойынша оқушылардың әлсіз және мықты тұстары бойынша жұмыс жасап, нұсқау беремін. Себебі барлық оқушылар бірдей тапсырма орындасада нәтижелері әр түрлі.</p> <p>2- тапсырмада «Жіктеу» тәсілі көмегімен оқытудың болжалды міндетіне қарай топ құрамын. (қиындық деңгейі мен қолдау деңгейі)</p> <p>3-тапсырмада Оқушыларға тапсырманы беріп, есеп шартын түсінуі мен жазуы қиынға соғатын оқушыларға үнемі қолдау көрсетемін.</p>	<p>«Бағдаршам әдісі» (оқушылардан жаттығуды орындау кезінде өз жұмыстарының нәтижелері бойынша оқу мақсатына қаншалықты сенімді екендігін көрсете отырып, өздерін бағалайды)</p> <p>«Жұлдызшалар» әдісі арқылы оқушылар бірін-бірі бағалайды.</p> <p>ҚБ. «Қолпаштау» әдісі бойынша оқушылардың жауаптарын бір-біріне бағалату</p>	<p>Топтық жұмысқа бөлінуде оқушылардың қозғалысы кезінде қауіпсіздік ережелері орын алады.</p>

Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:	Мектеп:	
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні	
Сынып:	Қатысқандар:	Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы	Квадрат теңсіздіктерді шешу	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.2.2.8 квадрат теңсіздіктерді шешу.	
Сабақтың мақсаты	<p>Барлық оқушылар : квадрат теңсіздіктерді шешеді.</p> <p>Оқушылардың басым бөлігі:квадрат теңсіздіктерді талдайды.</p> <p>Кейбір оқушылар: квадрат теңсіздіктерді шығаруда ережелерді пайдалана отырып есептер шығаруға машықтары дамиды.</p>	
Бағалау критерийі	<ul style="list-style-type: none"> - квадрат теңсіздіктерді біледі; - квадрат теңсіздікті шешеді; 	

Тілдік мақсаттар	Тілдік дағдылар: квадрат теңсіздіктерді шешу әдісін түсіндіреді. Лексика және терминология: квадрат теңсіздік, координаталық түзу, сан аралықтары, теңсіздіктің шешімі. Сөз тіркестері: квадрат теңсіздіктерді шешу үшін..., парабола салу үшін....
Құндылықтарға баулу	Қарым-қатынас жасау қабілеті; Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы;
Пәнаралық байланыс	информатика пәніндегі geogebra графикалық бағдарламасымен график салады.
Алдыңғы білім	Сызықтық теңсіздіктерді шеше біледі, көбейткіштерге жіктейді, квадрат теңдеулерді шешу әдістерін біледі.

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері		Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру. «Допты лақтыру» ширату жаттығуы бойынша өткенді пысықтау, оқушылардың математикалық тілде сауатты сөйлеу дағдысын жетілдіруге жағдай жасаймын және оқу мақсатын оқушылармен бірге анықтаймын. 1.Сызықтық теңсіздіктерді қасиеттері қандай? 2. Сызықтық теңсіздіктерді қалай шешеміз? 3.Квадрат теңдеуді шешу әдістері қандай?	Слайд (сұрақ-жауап)
Сабақтың ортасы	Интернет ресурс арқылы жаңа тақырыпты ашатын бейнеролик көрсетіледі. (Ұ) «Түртіп алу» әдісі арқылы оқушылар бейнероликті көре отырып жаңа ақпаратты меңгереді. (Т) «INSERT» әдісі арқылы тақырыпты жинақтап, алған теориялық білімдерін практикада жүзеге асыру негізінде есептер шығарады. 1-тапсырма. Теңсіздіктерді шеш. а) $2x^2 - 5x - 3 > 0$ ә) $-2x^2 + x - 1 < 0$. Дескриптор: 1. Теңсіздікті шешу үшін бірінші коэффициент пен дискриминантты анықтайды; 2. Квадрат үшмүшенің түбірлерін есептейді; 3. Түбірлерді координаталық түзуде белгілейді; 4. Парабола салады; 5. Шешімін табады. Қалыптастырушы бағалау: «Бағдаршам» әдісі. (оқушылардың толық меңгерген немесе мүлдем түсінбеген оқушыларды анықтап алып	ЦЕН сайтынан da.vinci.kz

	<p>қорытынды тәсілі бойынша оқушылардың әлсіз және мықты тұстарын анықтаймын.</p> <p>(Ж) 2-тапсырма. «Көршіңмен бөліс» алдыңғы жұмысты бекіте отырып, терең игеру мақсатында осы әдісті алдым.</p> <p>Айнымалының мүмкін болатын мәндер жиынын тап.</p> <p>a) $\sqrt{9 - 144x^2}$</p> <p>b) $\sqrt{36 - 4x - x^2}$</p> <p>Дескриптор:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Квадрат теңсіздікке келтіреді. 2. Түбірлерін түбірлерін табады. 3. Түбірлерді координаталық түзуде белгілейді. 4. Парабола салады. 5. Шешімін табады. <p>ҚБ «Ауызша және жазбаша кері байланыс» әдісі.</p> <p>Кері байланыс:</p> <p>3-тапсырма. «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі арқылы оқушылар топтық білімді жинақтау, ынтымақтаса жұмыс жасай отырып өз ойларын еркін, дәлелді түрде жеткізе білуге ықпал ету мақсатында тапсырманы орындайды.</p> $\sqrt{x^2 - 7x + 6} + \frac{91}{x - 18}$ <p>Дескриптор:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Квадрат теңсіздікке келтіреді. 2. Квадрат теңсіздікті шешеді. 3. Бөлшектің қасиетін қолданады. 4. Ортақ шешімін табады. <p>ҚБ « Серпілген сауал» тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін оқушылардың қол жеткізу үшін оқушылардың арасында бір біріне сұрақтар қояды.</p>	<p>Үлестірме тапсырмалары</p> <p>Оқулық, алгебра 8-сынып. А. Әбілқасымова, Н. Бекбоев.</p>
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>«Попкорн» тәсілі арқылы оқушыларға тақырыпқа байланысты ауызша сұрақтар қойылады. Оқушылар орнынан тұрып жауап береді.</p> <p>-квадрат теңсіздіктер дегеніміз не?</p> <p>-квадрат теңсіздікті шешу әдісі қандай?</p> <p>Сабақтың соңындағы оқушылардың рефлексиясы:</p> <p>-нені білдім, не үйрендім</p> <p>-не әлі де түсініксіз</p> <p>-қандай бағытта жұмыс жүргізу қажет</p>	



Сұрақтары бар қорап

Кабинетте қорап қойылып, оған оқушылар сабақтың соңында өз сұрақтарын қалдыра алады. Бұл сұрақтар келесі сабақтың басында талқыланады.

<p>Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</p>	<p>Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</p>
<p>1-тапсырма Диалог және қолдау көрсету Саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» әдісін қолданып, сөзбен қолдау көрсету және ынталандырамын.</p> <p>2-тапсырма «Қорытынды» тәсілі бойынша оқушылардың әлсіз және мықты тұстары бойынша жұмыс жасап, нұсқау беремін.</p> <p>3-тапсырма «Нәтиже» берілген тапсырма біреу . Оқушылардан жеке нәтиже күтіледі.</p>	<p>1-тапсырма «Бағдаршам» жасыл түспен бәрін білемін, ал сары түспен бағаласа, әлі де болса даярлану керек, қызыл түске түскендер, мен тоқтап тұрмын, менде бір кедергі бар сияқты. Өзін-өзі бағалау.</p> <div data-bbox="655 1077 975 1279" data-label="Image"> </div> <p>2-тапсырма «Ауызша және жазбаша кері байланыс» Жазбаша кері байланыс- Оқушыларға белгілі бір салада жетістікке жеткендерін, олардың себептерін және әрі қарай қалай жақсартуға болатындығы туралы түсініктеме беріп тұру қажет.</p> <p>Ауызша кері байланыс- «жақсы», «жарайсың», «нашар», «дұрыс емес») қамтып қоймай, сонымен қатар: а) ненің дұрыс, ненің қате екендігін көрсетеді б) қалайша қателерін түзеуге немесе толықтыруға болатындығына бағыт-</p>	<p>Ойлауды сезінуді дамытатын материалдар. Оқушылардың өзара әрекеттесу мәдениетін қалыптастыру, кездескен қиын және күрделі жағдайларда оқушы өзін бірқалыпты ұстануға көмектеседі.</p>

	<p>бағдар береді.Бұрмаланусыз немесе шағын түсініктемелер тек қана ұстаздың бағасын ғана қамтиды. «жарайсың», «нашар», «жақсы» т.с.с.</p> <p>3-тапсырма «Серпілген сауал» (тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін оқушылардың қол жеткізу үшін оқушылардың арасында бір біріне сұрақтар қояды)</p>	
<p>Сабақ бойынша рефлексия</p> <p>Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма?</p> <p>Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз?</p> <p>Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?</p> <p>Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?</p>	<p>Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланыңыз. Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	

Жалпы бағалау

Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?

1:

2:

Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?

1:

2:


Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Квадраттық функция	Мектеп:	
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып: 8	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы	Квадраттық функция және оның графигі	
Берілген сабақта қол жеткізетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.4.1.3 $y = ax^2 + bx + c$, $a \neq 0$ түріндегі квадраттық функцияның қасиеттерін біледі және графигін салады	
Сабақтың мақсаттары	Барлығы: $y = ax^2 + bx + c$, $a \neq 0$ түріндегі квадраттық функциялардың қасиеттерін біледі, графигін салады; Басым бөлігі: $y = ax^2 + bx + c$, $a \neq 0$ түріндегі квадраттық функцияның зерттеу жолдарын түсіндіре алады; Кеубіреулері: квадраттық функция графиктерін түрлендіріп салады.	
Бағалау критерийлері	- квадраттық функцияның қасиеттерін анықтайды; - $y = ax^2 + bx + c$, $a \neq 0$ түріндегі квадраттық функцияның графигін салады.	
Тілдік мақсаттар	Оқушылар: функциялардың графиктерін салу алгоритмін сипаттайды; Пәнге қатысты лексика мен терминология: квадраттық функция, парабола, парабола төбесі, парабола тармақтары, симметрия осі, параллель көшіру; Диалогқа/жазылымға қатысты қажетті тіркестер: парабола тармақтары ... бағытталған, график Ox осінен ... (жоғары, төмен) орналасқан;	


Құндылықтарды дарыту	«Мәңгілік ел» ұлттық идеясы құндылықтарына негізделген, берілген жұптық/топтық жұмыс тапсырмаларын орындау арқылы ынтымақтастық, өзгеге құрмет көрсету. Құндылықтар берілген сабақта жоспарланған жұмыстар бойынша іске асырылады.
Пәнаралық байланыс	Қазақ әдебиетіндегі сөйлеу мәдениетін қалыптастырды. Сызбаларды көркем еңбек, сызу сабақтарымен және информатика пәнімен байланыстыру
Бастапқы білім	$y = x^2$, $y = a(x - m)^2$, $y = ax^2 + n$ және $y = a(x - m)^2 + n, a \neq 0$ функцияларының графигін біледі.

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңі	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Ресурстар																
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастырушылық кезеңі. (Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу) Психологиялық ахуал. «Бір-біріне тілек білдіру» атты шаттық шеңберін өткізу. Бір-бірінің қолдарынан ұстап тілек айтады. Топқа бөлу (1,2,3,4,5 –ке дейін санау арқылы) Оқушылардың зейінін шоғырландыру Ширату жаттығуы : «Сәйкестендіру» кестесі арқылы</p> <table border="1" style="margin-left: 20px;"> <tr> <td>№</td> <td>1</td> <td>2</td> <td>3</td> <td>4</td> <td>5</td> <td>6</td> <td></td> </tr> <tr> <td>жауап</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>функцияның графигін ата 1. $y = x^2 - 1$ 3. $y = -(x - 3)^2$ 5. $y = (x - 2)^2 - 2$ 2. $y = x^2 + 1$ 4. $y = -(x + 3)^2$ 6. $y = -(x + 2)^2 + 3$</p> 	№	1	2	3	4	5	6		жауап								Слайд: «Функцияның графигін ата»
№	1	2	3	4	5	6												
жауап																		
	Predmet.kz																	
	<p>Кері байланыс</p> <div style="background-color: #00aaff; color: white; padding: 10px;"> <p align="center"><i>Диалог орнату.</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • 1) Қандай функцияны квадраттық функция деп атайды? • 2) $a \neq 1$ болғанда $y = ax^2$ функциясының графигін қалай салады? • 3) $ax^2 + n$ функциясының графигі $y = ax^2$ функциясының графигімен салыстырғанда қалай орындалады? • 4) $y = a(x - m)^2 + n$ функциясының графигін қалай салуға болады? </div>																	

	Осы тапсырманы орындай отырып, оқу мақсатын анықтайды.		
Сабақтың ортасы	<p>«Bilimland» білім беру порталында ресурс арқылы жаңа тақырыпты ашатын бейнеролик көрсетіледі.</p> <p>(Ұ) «Түртiп алу» әдiсi – өз ойын басшылыққа ала отырып, оқығанын түсiнуге үйренедi. Оқушылар бейнероликтi (13,20) көре отырып, жаңа ақпаратты $y = ax^2 + bx + c, a \neq 0$ квадраттық функциялардың қасиеттерiн бiледi және графиктерiн салу жолдарын меңгередi.</p> <p>(Т) 1-тапсырма: «Ойлан, тап» әдiсi Топтарға тапсырмалар берiледi. Топ iшiнде жұптасып орындайды, топ болып тексередi. $y = 4x^2 + 12x + 9$ функциясының графигiн салыңыз және қасиеттерiн жазыңыз. Оқушыларға параболаның төбесiнiң координатасын анықтау формуласын сұраңыз.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - квадраттық функция графигiн бiледi; - квадраттық функцияның графигiн салады; - квадраттық функция графиктерiн түрлендiредi <p>ҚБ: «Бағдаршам» әдiсi Өз жұмыстарының нәтижесi бойынша оқу мақсатына қаншалықты жеткендiгiн және өзiнiң бiлiмiне қаншалықты сенiмдi екендiгiн көрсетедi.</p> <p>Керi байланыс</p> <ul style="list-style-type: none"> -квадраттық функцияның төбесiн қалай табады? -симметрия осiн қалай жүргiзедi? -координаталар осьтерiн қалай табады? <p>(Т) 2-тапсырма: «Джигсо» әдiсi (Топпен бiрiгiп графиктi салады, топтың әрбiр мүшесi жеке-жеке өздерiне берген тапсырманы орындап, басқа топпен бөлiседi) Төмендегi квадраттық функциялардың графиктерiн салу үшiн тиiмдi тәсiлмен сәйкестендiрiп, қосымша 2 функциясының графигiн GeoGebra әдiсi бойынша сал және қасиеттерiн жаз.</p>		<p>https://bilimland.kz/kk/courses/math-kz/analiz-bastamalary/analiz-bastamalary/funkczija-uhymy-zhane-onyng-berilutasilderi/lesson/kvadrattyq-funkczija-zhane-onyng-grafigi (13,20)</p> <p>http://www.okulyk-edu.kz/show/list/ocenka-book/208</p> <p>https://www.geogebra.org/</p>
А) $y = x^2 + 4x + 4$		<ul style="list-style-type: none"> -Параболаның тармақтарының бағытын анықтау керек. -Параболаның төбесiнiң координатасын анықтау керек. -Парабола төбесiнiң оң жағы мен сол жағында жақын тұрған нүктелердiң координаталарын табу керек. 	
В) $y = -4x^2 + 2x - 1$		<ul style="list-style-type: none"> -Толық квадрат бөлiп алу керек -Параболаны түрлендiре отырып график алу. 	
С) $y = 2 - 5x - 3x^2$		<ul style="list-style-type: none"> -Параболаның тармақтарының бағытын анықтау керек. -Параболаның төбесiнiң координатасын анықтау керек. -Ох өсiмен қиылысу 	

	<table border="1" data-bbox="359 56 1157 268"> <tr> <td data-bbox="359 56 622 268"></td> <td data-bbox="622 56 694 268"></td> <td data-bbox="694 56 1157 268"> <p>нүктесінің координатасын анықтау керек. -Оу өсімен қиылысу нүктесінің координатасын анықтау керек.</p> </td> </tr> </table> <p>Параболаның тармақтарының бағытын анықтау керек. Параболаның төбесінің координатасын анықтау керек. Ох осімен қиылысу нүктесінің координатасын анықтау керек. Оу осімен қиылысу нүктесінің координатасын анықтау керек. Функцияның анықталу және мәндер облысын табу керек.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - параболаның тармақтарының бағытын анықтайды, - параболаның төбесінің координатасын анықтайды, - Ох осімен қиылысу нүктесінің координатасын анықтайды, - Оу осімен қиылысу нүктесінің координатасын анықтайды, - функцияның анықталу және мәндер облысын табады. <p>ҚБ: «Допты лақтыру» тәсілі Мұғалім доп лақтырып сұрақ қояды. Допты қағып алған оқушы сұраққа жауап беріп, өзінің сұрағын қояды. Егер оқушы сұраққа жауап бере алмаса, допты басқа оқушыға береді. Бұл әдіс теориялық сұрақтарға бағалауға, тілдік мақсаттардың орындалуына көмек береді.</p> <p>Кері байланыс жасай отырып, түзету жұмыстарын жүргізу үшін сұрақтар қойылады.</p> <p>(Ж) 3-тапсырма: «Ойлан- жұптас –бөліс» әдісі арқылы оқушылар топтық білімді жинақтау, ынтымақтаса жұмыс жасай отырып өз ойларын еркін, дәлелді түрде жеткізе білуге ықпал ету мақсатында топта тапсырманы орындайды. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтарына негізделген: 3.24 оқулықтан тапсырма</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> -суретті талдайды; -ғимарат биіктігін табады; -АВ және СД кесінділерінің ұзындығын бағалайды; -функциясын жазады. <p>ҚБ: «Серпілген сауал» тәсілі. Кері байланыс сұрақтары: -осы ғимарат туралы не білесің? -тапсырманы орындауда қандай ой туды?</p>			<p>нүктесінің координатасын анықтау керек. -Оу өсімен қиылысу нүктесінің координатасын анықтау керек.</p>	<p>http://expert.atamura.kz/kz/books/409</p>
		<p>нүктесінің координатасын анықтау керек. -Оу өсімен қиылысу нүктесінің координатасын анықтау керек.</p>			
Сабақтың соңы	<p>Сабақты қорытындылау. Сабақ соңында оқушылар әр ширекке стикер жабыстырады. Белсенді болдым Қызық болды</p>				



Түсінікті болды Жаңа нәрсе білдім
 Үй тапсырмасы. Қосымша №4.


<p>Сараптау – оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?</p>	<p>Бағалау – оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?</p>	<p>Қауіпсіздік ережелері</p>
<p>1-тапсырма «Қарқын» әдісі Кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді, сондықтан олар көмек қажет ететін оқушыларға көмектеседі.</p> <p>2-тапсырма «Диалог және қолдау көрсету» әдісі Сөзбен қолдау көрсету және ынталандыру да маңызды рөл атқарады. Кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан-жақты әрі нақты көмек қажет болады.</p> <p>3-тапсырма «Қорытынды» әдісі Кейде оқушылардың барлығы бір тапсырманы орындаса да, олардың нәтижелері әртүрлі болады, жалғыз «дұрыс» жауаптың бағытындағы жұмыс істеуден көрі мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді.</p>	<p>1-тапсырма «Бағдаршам» әдісі Өз жұмыстарының нәтижесі бойынша оқу мақсатына қаншалықты жеткендігін және өзінің біліміне қаншалықты сенімді екендігін көрсетеді</p> <p>2-тапсырма «Допты лақтыру» әдісі теориялық сұрақтарға бағалауға, тілдік мақсаттардың орындалуына көмек береді.</p> <p>3-тапсырма «Серпілген сауал» тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін оқушылардың арасында бір-біріне сұрақтар қояды</p>	<p>Сабакта оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері қолданылады, балалар үнемі қозғалыста болады. Қауіпсіздік техникасын ұстану, жарықтың дұрыс түсуі, баланың партада дұрыс отыруы қадағаланады</p>

Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: Мектеп	
Күні: Мұғалімнің аты-жөні	
Сынып: Қатысқандар: Қатыспағандар:	
Сабақтың тақырыбы	Рационал теңсіздік
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.2.2.9 Рационал теңсіздіктерді шешу
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: рационал теңсіздіктерді шешеді; Оқушылардың басым бөлігі: рационал теңсіздіктерді талдайды; Кейбір оқушылар: рационал теңсіздіктер арқылы есептің математикалық моделін құрайды және оны шешеді;
Бағалау критерийі	- рационал теңсіздіктердің қасиеттерін біледі; - рационал теңсіздіктерді шешеді;
Тілдік мақсаттар	Тілдік дағдылар: рационал теңсіздіктерді шешу әдісін түсіндіреді; Лексика және терминалогия: рационал теңсіздік, координаталық түзу, сан аралықтары, теңсіздіктің шешімі, ММЖ; Сөз тіркестері: Бүтін рационал теңсіздіктерді шешу үшін...; бөлшек рационал теңсіздіктерді шешу үшін...
Құндылықтарға баулу	«Мәңгілік ел» ұлттық идеясының «қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік» құндылығы кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы тапсырма арқылы жүзеге асады;
Пәнаралық байланыс	«Жол», «жылдамдық», «уақытқа» байланысты тапсырмада физикамен байланысы көрініс табады.
Алдыңғы білім	Сызықтық теңсіздіктерді шеше біледі, квадрат теңсіздіктерді шешеді, көбейткіштерге жіктейді, алгебралық бөлшектерді ортақ бөлімге келтіреді, бөлшек-рационал өрнектердің ММЖ табады;

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы	I. Ұйымдастыру. II. «Айырмашылығы неде» ширату жаттығуы арқылы, оқушылардың ойын шоғырландырып, оқу мақсатын анықтаймыз.	Слайд «Айырмашылығы неде».



Сабақтың ортасы

Жаңа тақырыпты меңгеру.

Bilimland порталынан видеоролик арқылы жаңа тақырыпты беремін.

«Борт журналы» белсенді әдісі арқылы оқушылар өз ойларын, ұсыныстарын, тың ақпараттарды жазып алады және кейін қолдана алады.

Бұрыннан білгенім	Жаңадан білгенім	Болжамдар	Тың ақпараттар

(Ө,Ж,Т) 1 тапсырма: «Ойлан-жұптас-бөліс» белсенді әдісі арқылы білімді жинақтау, ынтымақтаса отырып өз ойларын еркін жеткізе алады.

а) $x^2 - 4x + 3 > 0$

ә) $(x-4)(x+3) \leq 0$

б) $\frac{x^2 - 3x}{x-1} \geq 0$

Дескриптор:

- функцияның нөлдерін табады;
- ММЖ анықтайды;
- координаталық осьте белгілейді;
- функцияның таңбасын анықтайды;
- шешімін жазады.

ҚБ: «Бас бармақ» әдісі

Сұрақтар:

1) Тапсырмаларды орындау барысында қиындық туғызған қандай сұрақтар?

2) Шешімін жазған кезде қандай қателіктер кетті?

(Т) 2 тапсырма: «Ойынды жалғастыр» белсенді әдісін қолданамын, себебі алдыңғы білімді бекіте отырып, тереңдеу, талдау мақсатын негізге алдым.

$\frac{11-2x^2}{x^2-1} \geq 1$ теңсіздігін шешіп, бүтін шешімдерін тап.

Дескриптор:

- $P(x) \geq 0$ түріне келтіреді;
- ММЖ анықтайды;
- интервалдар әдісін қолданады;
- шешімін жазады;
- бүтін шешімін табады;

ҚБ: «Жұлдызша»

Саралаудың әдісіне сәйкес қосымша тапсырма беремін. (Қосымша 1)

(Т) 3 тапсырма: «Әуе шары» белсенді әдісі басқалармен жұмыс, ойлау шешім қабылдау, ақпаратты басқару дағдыларын қалыптастыру мақсатында алдым.

<http://bilimland.kz>

1) үлестірме материал
2) Слайд 1 «Тапсырма шешімі»

Алгебра 8 сынып.
Әбілқасымова А. Бекбоев И.

Слайд 2 «Тапсырма шешімі»

Қосымша 1

Үлестірме материал

	<p>Есіл өзенінің ағысымен катер 18 км жүзген соң, өзен ағысына қарсы 20 км жүзіп, барлық жолға 2 сағаттан артық жұмсады. Катердің тынық судағы жылдамдығы 20 км\сағ болса, өзен ағысының жылдамдығын табыңдар.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мәтінге байланысты өрнек құрастырады; - рационал теңсіздікті шешеді; - жылдамдықты анықтайды. <p>ҚБ: «Екі жұлдыз, бір тілек»</p>							
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Қорытынды.</p> <table border="1" data-bbox="357 450 1086 566"> <tr> <td>Қосу</td> <td>Мен үшін құнды болған мәлімет...</td> </tr> <tr> <td>Алу</td> <td>Сәтсіз болған нәрсе...</td> </tr> <tr> <td>Қызықты</td> <td>Мен үшін қызық...</td> </tr> </table> <p>Рефлексия «Бағалау ағашы» стикер жабыстыру</p>	Қосу	Мен үшін құнды болған мәлімет...	Алу	Сәтсіз болған нәрсе...	Қызықты	Мен үшін қызық...	
Қосу	Мен үшін құнды болған мәлімет...							
Алу	Сәтсіз болған нәрсе...							
Қызықты	Мен үшін қызық...							
<p>Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</p>	<p>Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</p>						
<p>1 тапсырма «Диалог және қолдау» әдісі. Кейбір оқушыларға жан – жақты әрі нақты көмек беріп, ойланту үшін және бірқатар жауаптар алу үшін алдын ала дайындалған сұрақтар қоямын және бұл әдіс арқылы сөзбен қолдау көрсете отырып ынталандырамын.</p> <p>2-тапсырма. «Қарқын» әдісі қолданамын. Тапсырма біреу, алайда оны орындау үшін әр – түрлі уақыт беріледі. Ерте аяқтағандарға қосымша тапсырма беріледі.</p> <p>3-тапсырма. «Нәтиже» әдісі. Берілетін тапсырма біреу, оқушылардан жеке нәтиже күтіледі.</p>	<p>1.ҚБ «Бас бармақ» әдісі. 2.ҚБ «Жұлдызша» әдісі. 3.ҚБ «Екі жұлдыз, бір тілек».</p>	<p>Денсаулық сақтау технологиялары мен қауіпсіздік сақтау ережелері нормаға сай. Оқушылардың жұмыс барысында толық жағдай жасалған.</p>						

